**Телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуына технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 312-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2649. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Тақырыбы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 90-НҚ бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы заңының 7-бабы 7-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 18-тармағының 19) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған табиғи монополиялар туралы заңнамаға және монополияға қарсы заңнамаға сәйкес телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуына технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 90-НҚ бұйрығымен.

2. Телекоммуникацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлерін және телекоммуникация қызметтерін ұсынумен технологиялық байланысты

көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополия субъектілері (бұдан әрі – Субъект):

1) байланыс операторлары табиғи монополиялар туралы заңнамаға және монополияға қарсы заңнамаға сәйкес реттелетін телекоммуникацияның көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есебін жүргізу әдістемесін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосына:

2005 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызмет бағыттары бойынша бірінші есептілікті 2005 жылғы 15 тамызға;

2005 жылғы екінші жартыжылдықтағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бірінші есептілікті 2006 жылғы 15 ақпанға ұсыну мерзімімен әзірлесін және бекітсін;

1-1) уәкілетті органның талабы бойынша қаржылық есептілікті және өзге де қажетті ақпаратты қағаз немесе электрондық жеткізгіште электрондық құжатты уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы орналастыру жолымен Субъекті тиісті талапты алған күннен бастап уәкілетті орган белгілеген бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде ұсынсын;

1-2) акционерлік қоғамдар болып табылатын табиғи монополиялар субъектілері үшін аудиторлық ұйымдар жыл сайынғы міндетті аудитті жүргізсін;

1-3) аудиторлық есепті және жылдық қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жылдық қаржылық есептілік бекітілген сәттен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында орналастырсын және табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жарияласын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Байланыс операторлары реттеліп көрсетілетін қызметтер тізбесіне сәйкес әрбір реттеліп көрсетілетін қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 186 бұйрығымен бекітілетін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10469 тіркелген) (бұдан әрі – реттеліп көрсетілетін қызметтер) бағаларын ( тарифтерін) мемлекет реттейтін қызмет түрі бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің жеке есебін жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

5. Осы бұйрық Ереженің 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 32-тармағын қоспағанда, 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның міндетін атқарушы

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Ақпараттандыру және байланыс

жөніндегі агенттігінің төрағасы

2003 жылғы 13 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі төрағасының
2003 жылғы 12 желтоқсандағы
N 312-НҚ бұйрығымен
бекітілген

# Телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуына технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі

Ескерту: Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 90-НҚ бұйрығымен .

## 1. Жалпы ережелер

1. Телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуына технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) бөлектеп есепке алуды жүргізудің негізгі қағидаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері болып танылатын байланыс операторларының бөлектеп есепке алуды ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 90-НҚ бұйрығымен .

2. Бөлектеп есеп алуды жүргізудің мақсаты экономикалық негізделген бағаларды (тарифтерді) белгілеу үшін реттелетін, табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекітетін немесе келісілетін қызмет түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді айқындау болып табылады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 90-НҚ, 2007.04.05. N 88-НҚ бұйрықтарымен .

3. Байланыс операторлары реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесіне сәйкес қызметтердің, сондай-ақ мемлекет реттейтін, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бағалар (тарифтер) қолданылатын қызметтердің реттеліп көрсетілетін түрі (бұдан әрі - реттелетін қызмет көрсетулер) бойынша табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүзеге асырады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 90-НҚ бұйрығымен.

4. Бөлектеп есепке алу телекоммуникациялардың реттелетін әрбір түрі бойынша бөлек табыстар, шығындар мен іске қосылған активтер туралы ақпарат жинау және қорыту сондай-ақ осы Ережелерге сәйкес реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша табыстар, шығыстар мен іске қосылған активтер туралы осындай ақпараттың негізінде байланыс операторлары есептерді кезең-кезеңімен жасау және уәкілетті органға ұсыну жүйесін білдіреді.

5. Бөлектеп есепке алудың негізгі қағидаттары:

1) табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бастапқы құжаттар деректерінің негізінде қызметтің және қызмет түрлерінің тиісті бағыттарына мүмкін болғанша тікелей жатқызу басымдылығы;

2) табыстардың, шығындардың және іске қосылған активтердің өздері тәуелді қызметтің және қызмет көрсету түрлерінің тиісті бағыттарымен себептік-салдарлық байланысы;

3) табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді қызметтің және реттелетін қызметтер түрлерінің тиісті бағыттарына жатқызудың және бөлудің айқындығы.

6. Бөлектеп есепке алу бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүргізу үшін пайдаланылатын, табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді қызметтің және қызметтер түрлерінің тиісті бағыттарына осы Ережелерге сәйкес бөлу үшін қажетті бөлшектеу деңгейін қамтамасыз етуге тиісті бастапқы

құжаттарға негізделуі тиіс. Осы Ережелер байланыс операторлары белгілеген қаржылық және салықтық есептерді берудің тәртібі мен нысандарын өзгертпейді.

7. Бөлектеп есептеуді жүргізу мақсаттарында жасалған Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бөлу негізі - шығындар мен активтердің іске қосылу дәрежесін қызметтер түрлері мен желі элементтеріне бөлу үшін пайдаланылатын мөлшерлік көрсеткіш (көрсеткіштер);

2) негізгі желі - түпкілікті пайдаланушыларға трафик (ақпарат) беру және басқа байланыс операторларына трафик өткізу қызметтерін ұсынуды қамтамасыз етуге арналған қызмет көрсететін телекоммуникациялар желісінің құрамдас бөлігі. Негізгі желі коммутациялау (топтық коммутациялық жабдық) және беру ( тасымалдау желісі құрайтын байланыс арналары) элементтерінен пайда болады;

3) бизнес процестер - байланыс операторының қызметіндегі қызметтер көрсетудің түпкілікті мақсатымен оның ресурстарын пайдалана отырып, айқындалған іс-қимылдардың дәйектілігі;

4) менеджмент (басқару) бизнес процестері - басқа барлық процестердің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру нәтижесі болып табылатын бизнес процестер;

5) сыртқы қызметтер - қызмет көрсетулер, оның ішіне байланыс операторы реттейтін, сыртқы пайдаланушыларға,оларға соңғы пайдаланушылар (абоненттер және басқа қажеткерлер) мен байланыс операторлары жатады, ұсынылатындар да кіреді;

6) ішкі (трансферттік) қызметтер - сыртқы қызметтерді ұсынудың байланыс операторы қызметінің бір бағыттары осы байланыс операторы қызметінің басқа бағыттарына ұсынатын қызмет көрсетулер болып табылатын шартты түрде бөлінетін кезеңі;

7) қосалқы бизнес процестер - нәтижесі негізгі бизнес процестерді және менеджмент (басқару) бизнес процестерін жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылатын бизнес процестер;

8) іске қосылған активтер - байланыс операторы телекоммуникациялар қызметтердің барлық түрлерін ұсыну үшін пайдаланатын активтері, оның ішіне негізгі құрал-жабдық, материалдық емес активтер және айналымдағы қаражат кіреді;

9) қызметтерге арналған жанама іске қосылған активтер - бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себептік-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер және сол себепті олар белгілі бір қызметке тікелей және бір жақты жата алмайды, бірақ нақты белгіленген қызмет көрсетулерде іске қосылу дәрежесі осы себептік-салдарлық байланыстарды көрсететін бөлу базасының негізіне қарай анықталуы мүмкін;

10) қызметтерге арналған жанама шығындар - бірнеше қызметтермен ( қызметтер тобымен) бір мезгілде себептік-салдарлық байланысы бар шығындар және сол себепті оларды нақты белгіленген қызмет көрсетуге тікелей және бір жақты жатқызуға болмайды, бірақ шығындардың пайда болу себептерін көрсететін бөлу базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін;

11) желі элементтеріне жанама іске қосылған активтер - бірнеше желі элементтеріне бір мезгілде себептік-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер және сол себепті оларды нақты белгіленген желі құрамдасына тікелей және бір жақты жатқызуға болмайды, бірақ нақты белгіленген желі құрамдастарында іске қосылу дәрежесі осы себептік-салдарлық байланыстарды көрсететін бөлу негізіне қарай анықталуы мүмкін;

l2) желі элементтеріне жанама шығындар - бірнеше желі элементтеріне бір уақытта себептік-салдарлық байланысы бар шығындар және сол себепті оларды нақты белгіленген желі құрамдасына тікелей және бір жақты жатқызуға болмайды, бірақ шығындардың пайда болу себебін көрсететін бөлу негізіне қарай желі элементтеріне бөлінуі мүмкін;

13) қызметтің бағыттары - қызмет көрсетулерде жеке өздері де, бір бірімен өзара қабысып та қатынасатын қызмет көрсетулердің нақты анықталған процестерінің жиынтығы;

14) жалпы активтер - қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен байланысқан, бірақ осы қызметтердің қандай болса да нақты себептік-салдарлық байланысы жоқ активтер, сондықтан олардың қызмет көрсетулерде іске қосылу дәрежесі уәкілетті органмен келісілген бөлу негізінде анықталуы мүмкін;

15) жалпы шығындар - қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен байланысқан , бірақ осы қызметтермен қандай болса да нақты себептік-салдарлық байланысы жоқ шығындар, сондықтан уәкілетті органмен келісілген бөлу негізінде бөлінеді;

16) негізгі бизнес процестер - нәтижесі қызмет көрсету болып табылатын бизнес процестер;

17) қызметтерге арналған тікелей іске қосылған активтер - белгілі бір қызмет көрсетуге тікелей себептік-салдарлық байланысы бар активтер және сондықтан нақты белгіленген қызмет көрсетуге тікелей және бір жақты жатқызылулары мүмкін;

18) қызметтерге тікелей шығындар - нақты қызмет көрсетумен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар шығындар және сондықтан нақты белгіленген қызмет көрсетуге тікелей және бір жақты жатқызылулары мүмкін;

19) желі элементтеріне тікелей іске қосылған активтер - нақты желі элементтерімен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар активтер және сондықтан нақты белгіленген желі элементіне тікелей және бір жақты жатқызылулары мүмкін;

20) желі элементтеріне тікелей шығындар - нақты желі құрамдасымен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар шығындар және сондықтан нақты белгіленген желі құрамдасына тікелей және бір жақты жатқызылулары мүмкін;

21) себептік-салдарлық байланыс негізінде бөлу - реттелетін қызметтер түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді шығындардың, табыстардың және іске қосылған активтердің нақты белгіленген қызмет көрсетулермен байланысын, пайда болу себептерін алдын ала зерттеу негізінде бөлу. Шығындар мен іске қосылған активтерді бөлу бір желі элементінің бірнеше қызметтерге қатысы барын ескерумен жүргізіледі және желі элементтерімен байланысқан шығындар мен іске қосылған активтер осы қызметтерге бөлінулері тиіс;

22) экономикалық ресурстар - табиғи (шикізаттық, геофизикалық), еңбек ( адам капиталы), күрделі (физикалық капитал - негізгі құрал-жабдық), айналымдағы құрал-жабдық (материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржылық ( ақша капиталы) ресурстарға бөлінетін, өндірістік-шаруашылық қызметте пайдаланылатын көздердің, құрал-жабдықтардың жиынтығы;

23) абоненттік қол жеткізу желісі - соңғы пайдаланушыларға байланыс қызмет көрсетулеріне қол жеткізу ұсынылуы үшін қызмет ететін телекоммуникациялар желісінің құрамдас бөлігі. Абоненттік қол жеткізу желісі коммутаторларда немесе концентраторларда орналасқан абоненттік жинақтауларды, желілік карталар мен порттарды, абоненттік желілерді (сымды және сымсыз) және солармен байланысқан бүкіл жабдықтар мен ғимараттарды абоненттік құрылғыларымен қоса қамтитын барлық абоненттік жабдықтардың жиынтығынан құралады;

24) бірлесіп іске қосқан активтер - бірнеше қызметтер көрсетулерді (қызмет көрсетулер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын активтер, бірақ бұл қызмет көрсетулермен қандай болса да нақты себептік-салдарлық байланысы жоқ, алайда олардың қызмет көрсетулерде іске қосылу дәрежесі уәкілетті органмен келісілген бөлу негізінде анықталуы мүмкін;

25) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын шығындар, бірақ бұл қызмет көрсетулермен қандай болса да нақты себептік-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан уәкілетті органмен келісілген бөлу негізінде бөлінеді;

26) тасымалдау желісі - станцияаралық жергілікті, ішкі аймақтық және магистральдық желілердің беру жүйелері мен желілерінен және тиісті инфрақұрылымнан тұратын телекоммуникациялар желісі;

27) трансферттік төлемдер - көрсетілген ішкі (трансферттік) қызметтер көлемінің бағалық мөлшері;

28) трансферттік бағалық - көрсетілген ішкі қызметтердің бір өлшемінің бағалық мөлшері;

29) экономикалық негізделген шығындар - байланыс операторының операциялық (кәдімгі) қызметін, іске қосылған активтерге салынған іске қосылған капиталы және іске қосылған активтерді үдемелі өндіруге өтілімдік ақша аударуы бойынша өтемдерін қамтамасыз етуге жұмсалған байланыс операторының шығындары;

30) желі элементтері - телекоммуникациялар қызметтерінің барлық түрлерін көрсеткенде телекоммуникациялар желісінде пайдаланылатын, олардың құнын және сонымен байланысты шығындарды телекоммуникациялардың қызмет көрсетулерінің барлық түрлеріне бөлу үшін қызметтің бағыттары бойынша біріктірілген негізгі құрал-жабдық топтары.

8. Осы Ережелерде пайдаланылатын Қазақстан Республикасының заңнамасының азаматтық және басқа салалардағы ұғынымдар, егер осы Ережелерде басқаша көзделмесе, заңнаманың осы салаларында қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынада қолданылады.

## 2. Бөлектеп есепке алу жүргізілетін қызметтердің түрлері мен қызметтің бағыттары

9. Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша шығындарды бөлу және іске қосылған активтерді анықтау үшін байланыс операторларының шығындары мен іске қосылған активтері қызметтің бағыттары бойынша топталады. Шығындарды бөлу және іске қосылған активтерді анықтау телекоммуникациялар қызметтерін ұсынудың барлық кезеңдерін жүйелі бөлектеу негізінде жүргізіледі (ішкі қызмет көрсетулер қызметтің бағыттары бойынша). Шығындарды бөлу телекоммуникациялар желілерінің элементтерін техникалық қамтамасыз ету және ұстау процестерімен байланысқан шығындарды соңғы пайдаланушыларға қызметтерді сату процестерінен бөліп алу және Өзге де қызметтерді ұсынудан болған шығындарды бөліп алу жолымен жасалады. Активтердің іске қосылу дәрежесін анықтау телекоммуникациялар желілерінің тиісті құрамдастарымен байланысты іске қосылған активтерді қызметтерді сату мен байланысқан активтерден бөліп алу және Өзге де қызметтерді ұсыну бойынша қызметпен байланысқан активтерді бөліп алу жолымен жүргізіледі.

Бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсаттары үшін қызмет бағыттарының мынадай түрлері бөлек шығарылды:

1) негіздік желіні құру және пайдалану;

2) абоненттік қол жеткізу желісін құру және пайдалану:

3) бөлшек сауда қызметі;

4) Өзге де қызмет.

Бөлектеп есептеу үшін қызмет бағыттары бойынша топтастырылған табыстар , шығындар және іске қосылған активтер қызмет көрсету түрлері бойынша бөлінеді (түрлері бойынша реттелетін және реттелмейтін қызмет көрсетулер бойынша тұтасымен).

10. Бөлектеп есепке алу жүргізілгенде 9-тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қызмет бағыттары бойынша топталған шығындар мен іске қосылған активтер осы қызмет бағыттары басқа байланыс операторларына көрсететін қызметтерге және (немесе) 9-тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген әрбір қызмет бағыттарына осы Ереженің 5-тарауына сәйкес бөлінеді.

## 3. Қызмет бағыттары бойынша табыстар, шығындар мен іске қосылған активтер

11. "Негіздік желіні құру және пайдалану" қызмет бағыттары ішкі және сыртқы қызметтерді өзі ұсынатын негіздік желіні техникалық қамтамасыз ету мен ұстау, жоспарлау мен дамыту бизнес процестерін қамтамасыз етеді.

Негіздік желі ұсынатын ішкі қызметтерге мыналар үшін көрсетілетін қызметтер жатады:

"Бөлшек сауда қызметі" қызмет бағытына - келешекте соңғы пайдаланушыларға әртүрлі қосылулар ұсыну және бөлінген жеке меншік желілерін ұйымдастыру үшін арналарды жалға беру қызметтер түрінде сатуы үшін трафик өткізу және арналарды беру;

"Өзге де қызмет" қызмет бағытына - жалға берілетін жабдықтар мен ғимараттардың кейбір түрлерін келешек соңғы пайдаланушыларға көрсетілген жабдықтар мен ғимараттарды жалға беру қызметін көрсету түрінде сатуы үшін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер.

Негіздік желі ұсынатын сыртқы қызмет көрсетулерге трафик өткізу, арналар беру бойынша басқа байланыс операторларына көрсетілетін қызметтер жатады.

Негізгі желінің табыстары ішкі қызмет көрсетулерге трансферттік төлемдерден және сыртқы қызметтер ұсынудың табыстарынан құралады. Ішкі қызметтерге арналған трансферттік төлемдер және сыртқы қызметтерді ұсынудан табыстар тиісті қызмет көрсетулер көлемі мен жоғарыда аталған қызметтер көрсетілген бағаларға байланысты анықталады.

Негізгі желінің шығындары негіздік желі құрамдастарын техникалық қамтамасыз етумен және ұстаумен, жоспарлаумен және дамытумен байланысты шығыстардан құралады.

Негізгі желінің іске қосылған активтеріне негіздік желі элементтері (негізгі және қосалқы өндірістік жабдық, Өзге де жабдық, ғимараттар мен құрылғылар, инфрақұрылым элементтері, сондай-ақ материалдыққа жатпайтын активтер мен негіздік желінің тиісті элементтеріне байланысты айналымдағы капитал) бойынша бөлінген барлық активтер жатады.

12. "Абоненттік қол жеткізу желісін қалыптастыру және пайдалану" қызметінің бағыты ішкі қызметтерді өзі ұсынатын абоненттік қол жеткізу желісін техникалық қамтамасыз ету мен ұстау, жоспарлау мен дамыту бизнес процестерін қамтамасыз етеді.

Абоненттік қол жеткізу желісі ұсынатын ішкі қызметтер мыналар үшін көрсетілетін қызметтер жатады:

"Бөлшек сауда қызметі" қызмет бағытына - кейіннен соңғы пайдаланушыларға абоненттік қол жеткізу және қоғамдық терминалдар арқылы қол жеткізу қызметтер түрінде сатуы үшін абоненттік желілерді пайдалануға беру;

"Өзге де қызмет" қызмет бағытына - жалға берілетін жабдықтар мен ғимараттардың кейбір түрлерін келешек соңғы пайдаланушыларға осындай жабдықтар мен ғимараттарды жалға беру қызметтер түрінде сатуы үшін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер.

Абоненттік қол жеткізу желісінің табыстары ішкі қызметтерге трансферттік төлемдерден және сыртқы қызметтер ұсынудың табыстарынан құралады. Ішкі қызмет көрсетулерге трансферттік төлемдер және сыртқы қызметтер ұсынудан табыстар тиісті қызметтер көлемі мен жоғарыда аталған қызметтердің бағаларына байланысты анықталады.

Абоненттік қол жеткізу желісінің шығындары абоненттік қол жеткізу желісінің элементтерін техникалық қамтамасыз етумен және күтіп ұстаумен, жоспарлаумен және дамытумен байланысты шығыстардан құралады.

Абоненттік қол жеткізу желісінің іске қосылған активтеріне абоненттік қол жеткізу желісінің элементтері (негізгі және қосалқы өндірістік жабдық, Өзге де жабдық, ғимараттар мен құрылғылар, инфрақұрылым элементтері, сондай-ақ материалдыққа жатпайтын активтер мен негіздік желінің тиісті элементтеріне байланысты айналымдағы капитал) бойынша бөлінген барлық активтер жатады.

13. "Бөлшек сауда қызметі" қызмет бағытына телекоммуникациялар қызметтерін соңғы пайдаланушыларға сатуды қамтамасыз етумен байланысты қызмет түрлері (бизнес процестер) кіреді.

Бөлшек сауда қызметі ұсынатын сыртқы қызметтерге соңғы пайдаланушыларға ұсынылатын мынадай телекоммуникациялар қызметтері жатады:

байланыс операторының өз желісі ішінде әртүрлі қосылуларды басқа байланыс операторларының желісіне, халықаралық желілерді қоса шығумен ұсыну қызмет көрсетулері (жергілікті, ішкі аймақтық, қалааралық, халықаралық қосылулар);

бөлінген жеке меншік желілерін ұйымдастыру үшін арналарды жалға беру қызметін көрсету;

абоненттік қол жеткізуді ұсыну қызмет көрсетулері;

қоғамдық терминалдар арқылы қол жеткізу қызметін көрсету;

түпкілікті пайдаланушыларға ұсынылатын Өзге де телекоммуникациялар қызметтері.

Бөлшек сауда қызметінің табыстары телекоммуникациялар қызметтерін соңғы пайдаланушыларға ұсынудан түсетін табыстардан құралады. Телекоммуникациялар қызметтерін ұсынудан түсетін табыстар тиісті қызметтер көлемі мен жоғарыда аталған қызметтер көрсетілген бағаларға байланысты анықталады.

Бөлшек сауда қызметінің шығындары телекоммуникациялар қызмет көрсетулерін коммерциялық қамтамасыз етумен және сатумен байланысты шығындардан, сондай-ақ негіздік желі мен абоненттік қол жеткізу желісі ұсынған ішкі қызмет көрсетулерге трансферттік төлемдерден құралады.

Бөлшек сауда қызметінің іске қосылған активтеріне телекоммуникациялар қызмет көрсетулерін коммерциялық қамтамасыз етумен және сатумен байланысты барлық активтер жатады (тиісті жабдық, ғимараттар және құрылғылар, сондай-ақ материалдыққа жатпайтын активтер мен телекоммуникациялар қызмет көрсетулерін коммерциялық қамтамасыз етумен және сатумен байланысты айналымдағы капитал).

14. "Өзге де қызмет" қызмет бағыты сыртқы пайдаланушыларға қызметтер бойынша байланыс операторы жүзеге асыратын қызметтің басқа түрлерін қамтиды.

Өзге де қызмет ұсынатын сыртқы қызметтерді сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын мынадай телекоммуникациялар қызметтері жатады:

телекоммуникациялар қызмет көрсетулерін ұсыну үшін пайдаланылмайтын жабдықты, ғимараттарды және басқа активтерді жалға беру қызмет көрсетулері;

қол жеткізуді ұйымдастыру бойынша бір жолғы жұмыстарды жүргізу қызмет көрсетулері (байланыс желілерін тарту, жабдықты монтаждау және басқа жұмыс түрлері);

қажеткерлер иелігіндегі жабдықты, құрылғыларды және ғимараттарды техникалық қамтамасыз ету;

консультациялық қызметтер;

анықтамалық қызметтер.

сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын Өзге де қызметтер.

Өзге де қызмет табыстары Өзге де қызметтер ұсынудан түсетін табыстардан құралады. Өзге де қызметтерді ұсынудан түсетін табыстар тиісті қызметтер көлемі мен Өзге де қызметтер көрсетілген бағаларға байланысты анықталады.

Өзге де қызмет шығындары Өзге де қызметтерді ұсынуға (өндірумен және сатумен) байланысты шығындардан, сондай-ақ негіздік желі мен абоненттік қол жеткізу желісі ұсынған ішкі қызметтерге трансферттік төлемдерден құралады.

Өзге де қызметтің іске қосылған активтеріне Өзге де қызметтер ұсынуға ( өндірумен және сатумен) байланысты барлық активтер жатады (тиісті жабдық, ғимараттар және құрылғылар, сондай-ақ материалдыққа жатпайтын тиісті активтер және айналымдағы капитал).

15. 11-14-тармақтарда көзделмеген қызметтерді көрсеткенде, оларды ішкі және сыртқы қызметтерді жатқызуды 7-тармақтың 3) және 4) тармақшаларында белгіленген ұғынымдар негізінде байланыс операторлары өздігінен жүзеге асырады.

## 4. Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша табыстар, шығындар мен іске қосылған активтер

16. Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша табыстарды бөлу осы Ережелерде белгіленген бөлектеп есептеудің негізгі ұстанымдары ескеріліп жүргізіледі. Реттелетін қызметтердің әрбір түрін көрсетуден түскен табыстар тиісті қызметтер көлемі мен сыртқы пайдаланушыларға қызметтердің аталған түрлері көрсетілген бағалар (тарифтер) негізінде анықталады.

17. Қызметтерден түскен табыстар реттелетін қызметтердің түрлері бойынша және реттелмейтін қызмет көрсетулер бойынша тұтасымен бастапқы құжаттардың деректері негізінде тікелей жатқызылады.

18. Реттелетін әрбір телекоммуникациялар қызметтер түрі бойынша шығындар "Бөлшек сауда қызметі" қызмет бағытының реттелетін қызмет көрсетулердің тиісті түрлерін ұсынуға, негізгі желіні қалыптастыру және пайдалануы және "Абоненттік қол жеткізу желісін қалыптастыру және пайдалану " қызмет бағыттары ұсынған ішкі қызметтерді пайдалануға ұсыну үшін қажетті трансферттік төлемдерді қоса, сатумен байланысты шығындардан құралады. Трансферттік төлемдер реттелетін қызметтерді ұсынғанда ішкі қызмет көрсетулер жасалған жағдайда есепке алынады.

19. Реттелетін қызмет көрсетулердің Өзге де түрлерін ұсыну бойынша шығындар реттелетін қызмет көрсетулердің тиісті түрлерін, ұсынуға, "Негізгі желіні қалыптастыру және пайдалану" және "Абоненттік қол жеткізу желісін қалыптастыру және пайдалану" қызмет бағыттары ұсынған ішкі қызметтерді

пайдалануға ұсыну үшін қажетті трансферттік төлемдерді қоса, байланысты шығындардан құралады. Трансферттік төлемдер реттелетін қызметтерді ұсынғанда ішкі қызмет көрсетулер жасалған жағдайда есепке алынады.

20. "Негізгі желіні қалыптастыру және пайдалану" және "Абоненттік қол жеткізу желісін қалыптастыру және пайдалану" қызмет бағыттары реттелетін қызметтер ұсыну бойынша шығындар осы қызметтерді жасаумен байланысты шығындардан құралады.

21. "Бөлшек сауда қызметі" қызмет бағыты көрсететін телекоммуникациялардың реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша іске қосылған активтерге телекоммуникациялардың реттелетін қызметтерінің тиісті түрлерін сатумен байланысты бөлшек сауда қызметіне іске қосылған активтер, сондай-ақ негіздік және абоненттік қол жеткізу желілері "Бөлшек сауда қызметі" қызмет бағытына ұсынған ішкі қызметтердің түрлері бойынша іске қосылған активтер жатады. Ішкі қызметтердің түрлері бойынша іске қосылған активтер реттелетін қызметтерді ұсынғанда ішкі қызметтер пайдаланылған жағдайда есепке алынады.

22. "Өзге де қызмет" қызмет бағыты көрсететін ішкі қызметтердің түрлері бойынша іске қосылған активтерге реттелетін Өзге де қызметтердің тиісті түрлерін өндірумен және сатумен байланысты Өзге де қызметтерге іске қосылған активтер, сондай-ақ реттелетін қызмет көрсетулердің аталған ұсыну үшін қажетті негіздік және абоненттік қол жеткізу желілері "Өзге де қызмет" қызмет бағытына ұсынған ішкі қызметтердің түрлері бойынша іске қосылған активтер жатады. Ішкі қызметтердің түрлері бойынша іске қосылған активтер реттелетін қызметтерді ұсынғанда ішкі қызметтер пайдаланылған жағдайда есепке алынады.

23. Негізге және абоненттік қол жеткізу желілері байланыс операторларына ұсынатын телекоммуникациялардың реттелетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша іске қосылған активтерге осы қызметтерді жасаумен байланысты тартылған негіздік және абоненттік қол жеткізу желілерінің активтері жатады.

## 5. Шығындарды және іске қосылған активтерді бөлу тәртібі

24. Бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсаттары үшін шығындар мен іске қосылған активтер тікелей, жанама, бірлескен және ортақ болып жіктеледі.

25. Шығындарды бөлу және активтердің іске қосылу дәрежесін анықтау үшін шығындар мен активтердің тиісті қызмет бағыттарымен және байланыс операторлары ұсынатын қызметтермен себептік-салдарлық байланысы негізінде бөлу әдістемесі қолданылады. Сонда шығындар мен активтердің байланыс операторы қызметінің әрбір бағыты бойынша қорлармен себептік-салдарлық

байланысы және байланыс операторының осы қорларының көрсетілген байланыс операторлары ұсынатын қызметтермен себептік-салдарлық байланысы анықталады.

Іске қосылған активтердің өтілімі іске қосылған активтерді бөлу негізінде бөлінеді.

26. Шығындарды бөлу процесі мына кезеңдерден тұрады (бөлудің жүйелі кезеңдерінің сызбасы 1-қосымшаның 1-суретінде көрсетілген):

1) бөлудің бірінші кезеңі - шығындарды тікелей және жанама бөлу және байланыс операторының тиісті қорлары (негізгі құрал-жабдық, қызметкерлер, материалдық емес активтер және басқа активтер) бойынша активтерді топтау ( қорлардың негізгі түрлерінің және жанама шығындарды бөлу негіздерінің тізбесі 1-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген);

2) бөлудің екінші кезеңі - байланыс операторы қорларының тиісті бизнес процестермен: негізгі, қосалқы және менеджмент (басқару) бизнес процестерімен тікелей және жанама байланыстарын қорлармен байланысқан шығындар мен іске қосылған активтерді тиісті бизнес процестерге тікелей жатқызу және жанама бөлу үшін анықтау (бизнес процестердің және қорларды оларға бөлу негіздерінің үлгілік тізбесі 1-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген);

3) бөлудің үшінші кезеңі - байланыс операторының қосалқы бизнес процестерінің тиісті негізгі бизнес процестермен менеджмент процестерімен тікелей және жанама байланыстарын қосалқы бизнес процестермен байланысқан шығындар мен іске қосылған активтерді негізгі бизнес процестерге және менеджмент процестеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу үшін анықтау ( қосалқы бизнес процестерді бөлудің басты негіздерінің тізбесі 1-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген);

4) бөлудің төртінші кезеңі - байланыс операторы бизнес процестерінің тиісті сыртқы қызмет көрсетулермен және желі құрамдастарымен тікелей және жанама байланыстарын негізгі бизнес процестермен байланысқан шығындар мен іске қосылған активтерді сыртқы қызметтерге және желі элементтеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу үшін анықтау (негізгі бизнес процестерді желінің қызмет көрсетулеріне және элементтеріне бөлу негіздерінің үлгілік тізбесі 1-қосымшаның 4-кестесінде көрсетілген);

5) бөлудің бесінші кезеңі - желі құрамдастарының менеджмент бизнес процестерімен байланысқан шығындар мен іске қосылған активтерді тиісті желі элементтеріне уәкілетті органмен келісілген бөлу негіздерін қолданумен бөлу;

6) бөлудің алтыншы кезеңі - желі элементтеріне негізгі желінің және абоненттік қол жеткізу желісінің ішкі және сыртқы қызметтеріне шығындарды бөлу және активтердің іске қосылу дәрежесін анықтау (желі элементтерінен қызметтерге бөлудің басты негіздерінің тізбесі 1-қосымшаның 5-кестесінде

көрсетілген). Негізгі желіден шығындарды қызметтерге бөлу (және іске қосылған активтерді бөлек алу) мынадай түрде жүргізіледі. Ең бірінші кезекте ішкі және сыртқы қызметтерге шығындарды және активтердің іске қосылу дәрежесін анықтау үшін жалданған арналармен байланысқан барлық шығындар және іске қосылған активтердің үлестері негіздік желінің беру құрамдастары бойынша жалданған арналарға сайма-сай бөлініп алынады. Содан кейін ішкі және сыртқы қызметтерге шығындарды және активтердің іске қосылу дәрежесін анықтау үшін қалған шығындарды (активтерді) тиісті бөлу негіздері бойынша беру және трафик өткізу қызметтеріне бөлу жүргізіледі (бағыттаудың орташа факторлары ескерілген трафик көлемдері). Бағыттаудың орташа факторлары - беру немесе трафик өткізу қызмет көрсетулерінің белгіленген түрін ұсынғанда негіздік желі құрамдастарының іске қосылуын көрсететін мөлшерлік факторлар;

7) бөлудің жетінші кезеңі - сыртқы қызметтерді ұсыну шығындарын және олармен байланысты сыртқы қызметтер бойынша іске қосылған активтерді анықтау үшін сыртқы қызметтерді (сыртқы қызметтерді ұсыну кезеңдері болып табылатын тиісті ішкі қызметтерді) ұсыну кезеңдері бойынша тиісті шығындарды және іске қосылған активтерді жиынтықтау (ішкі және сыртқы қызметтерді жатқызу тәртібі 1-қосымшаның 6-кестесінде көрсетілген);

8) бөлудің сегізінші кезеңі - менеджмент бизнес процестерімен байланысты бірлескен және ортақ шығындар мен активтерді тиісті сыртқы қызметтерге уәкілетті органмен келісілген бөлу негіздерін қолдана отырып бөлу.

27. Шығындардың, қорлардың, бизнес процестердің 1-қосымшада көрсетілген тізбелері ең аз тізбелер болып табылады, олар байланыс операторының ықтиярымен қосымша нақтылануы және кеңейтілуі мүмкін. Қызмет бағыттары да байланыс операторлары ұсынатын қызмет көрсетулер түрлеріне және байланыс операторлары қолданатын телекоммуникациялар желілерінің түрлеріне қарай нақтылануы мүмкін.

